

Г.Т. Карабалаева¹, Г.Ж. Нурбекова²
Д.К. Курманаева², Г.З. Тажитова²

¹Дж. Баласагын атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан
²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: karabalaevagulmira@rambler.ru, guleken169@bk.ru, dina_k68@mail.ru, gulzhahan@mail.ru)

Қазақстан мен Қырғызстанда қазіргі заманғы жоғары білім беруге халық дәстүрін ықпалдастыру

Аңдатпа. Қазіргі заманғы білім беруде көптеген дәстүр мен әдет-ғұрыптар өздерінің сақталған тәрбиелік мәні мен реттеушілік функциясын жалғастыра келе, ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріліп жалғасып келеді. Біздің айтып отырғанымыз, жастардың тәрбиесіндегі педагогикалық құрал қызметін атқаратын халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. Осы мақалада жастардың тәрбиесінде дәстүр мен әдет-ғұрыптарды пайдалануды зерттеудің теориялық негіздері талданып, халық педагогикасының құралдары арқылы қазіргі заманғы студенттерді тәрбиелеу үшін қажет болатын педагогикалық шарттар тарқатылады. Авторлардың пікіріне қарағанда, қазіргі заманғы ұйымдастырылған білім беру үдерісін байытудың маңызды жолдарының бірі болып саналатын халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына зер салудың өзі жоғары оқу орнының барлық педагогикалық жұмысының деңгейін көтеруді қамтамасыз ету үшін тәрбиелеудің дәстүрлі нысандары мен әдістемелерін ғылыми тұрғыдан дәлелденіп іріктеп алуы әрі пайдалануды көздейді. Халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына студенттердің көзқарасын анықтау мақсатында оларға қатысты жүргізілген сауалнаманың қорытындылары келтіріледі. Авторлардың пікірінше, кейбір педагогикалық шарттар орындалған жағдайда қазіргі заманғы студенттерді толыққанды жеке адам ретінде тәрбиелеуге әрі қалыптастыруға ықпал етеді. Жоо студенттерін тәрбиелеуде халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарды пайдаланудың педагогикалық шарттарын анықтауға арналған эксперименттің қорытындылары талқыға салынады. Әлеуметтік-гуманитарлық дисциплиналар пәндерінің блогын талдаудан соң олардың халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына арналған тақырыптарды өз мазмұнында аша алатындығы анықталып, Қырғызстанда «Этнопедагогика» арнайы курсы әзірленді.

Түйін сөздер: халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, халық педагогикасы, студенттер, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, психологиялық-педагогикалық пәндер, аудиториядан тыс жұмыс, педагогикалық жағдай.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-375-389>

Кіріспе

Ғаламдану мен қазіргі заманғы әлемнің интернационалдануының күшеюі жастардың әлеуметтік қалыптасуында этнопедаго-

гикалық компоненттің белсенді болу маңыздылығын бұрын соңды болмағандай көтереді. Бұл, ең алдымен, елдің болашақ зияткерлік және кадрлық әлеуеті болып табылатын студенттерге қатысты.

Сан ғасыр бойы жинақталған әдет-ғұрыппен дәстүр тәрбиелеудің ең әсерлі әрі тұрақты құралдарының қатарынан орын алады.

Демек, қазіргі заманғы білім беру мен тәрбиелеу процесінде әлеуметтік өзара іс-қимылдың тарихи әрі мәдени нормаларын бейнелейтін сан алуан дәстүр мен әдет-ғұрыптар өздерінің тәрбиелік мәнін сақтап, реттеушілік функциясын сақтауды жалғастырады да ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріледі.

Айтып отырғанымыз, жастарды тәрбиелеуде педагогикалық құрал ретінде қызмет ететін халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. Сан ғасыр бойы өсекелең буын мен жастарды тәрбиелеудің өте маңызды құралы болған халық педагогикасы тәрбиелеудің ерекше пәлсапасына айналды. Халық педагогикасы қай жағынан болсын уақыт сынағынан өтіп, оның күні бүгін ойдағыдай қолданылуы халықтың педагогикалық даналығының құдыретті күші бар екенін білдіреді. Сол себепті тәрбиелеуде ерекше орын беріліп оларға халықтық педагогика арқа сүйейді.

Дәстүр мен әдет-ғұрыптардың әлеуметтік құндылығы мен маңыздылығы олардың жас ұрпақ буынды тәрбиелеуге бағытталуынан басталады. Халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары ерекшеліктері мен тәрбиелік функцияларының бірі - олардың отбасында құрметтеліп, халықтың өмірімен және тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болуынан басталады. Бала кезінен бастап олар сана-сезімге және мінез-құлыққа тікелей әсер етеді. Дәстүр мен әдет-ғұрыптың арқасында жастарды тәрбиелейтін әлеуметтік және мәдени ортада олардың әлеуметтік және құндылық ұмтылыстары қалыптасады. Дұрыс әрі ойдағыдай тәрбиелік әсер ету үшін жас ұрпақ орналасқан әлеуметтік-мәдени ортаның ерекшеліктерін зерттеу қажет. Іс жүзіне қарағанда, халықтың дәстүріне негізделген тәрбие жемісін беретіні шындық.

Дәстүр мен әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәніне келетін болсақ, олар халық мұрасының баға жетпес қазынасы болып табылады. Олар ұрпақтан келешек ұрпаққа жеткізіліп сақталады, байытылады. Осындай байланыс үзілген жағдайда, қандай да болсын ұрпақтың

ұлттық мәдениеттен қол үзіледі. Сондықтан да дәстүр мен әдет-ғұрыптарды сақтау және ұрпақ сабақтастығын үзбестен келер ұрпаққа жеткізу өте маңызды, өйткені олар материалдық саладағы және рухани мәдениеттегі алдыңғы буындардың тәжірибесін іс жүзінде қалыптастырады.

Зерттеудің әдістемесі мен әдістері

Қазіргі кезеңде көп қырлы құбылыстың жан-жақты ерекшеліктері мен қырларын түсініп ұғуға тырысқан авторлардың еңбектері елеулі рөл атқарды. Осы ретте төмендегі авторлардың еңбектері белгілі бір қызығушылық тудырады: В.Б. Власова [6], И.Т. Галиуллина [7], В.М. Капчел [12], В.Д. Плахов [19], А.Г. Спиркин [21], И.В. Суханов [22]. Олар «дәстүр», «әдет», «ғұрып», «рәсім», «мереке» ұғымдарының алшақтықтарын анықтаудан көп жұмыс атқарды. Адамның дәстүрлі іс-қимылы мен оның экономикалық, әлеуметтік-тарихи шарттарымен заңдылық байланысының ізін қуып, дәстүрдің әлеуметтік рөлін зерттеу, оның пайда болу тетігін және қоғамның рухани өмірі тарихының әртүрлі кезеңдеріндегі туындап даму тетігін анықтау тұрғысынан ойдағыдай талпыныстар болды.

Халық дәстүрінің тәрбиелік мәні Қырғыз Республикасы зерттеушілерінің еңбектерінде жан-жақты қаралады: А.Э. Измайлов [10], Р.А. Әбдіраимова [2], А. Әлімбеков [4], Н.А. Асипова [5], Н.К. Дюшеева [9], А.Т. Қалдыбаева [11], Г.Т. Қарабалаева [13; 14], Ч.Т. Осмонова [17], Т.В. Панкова [18]. Олардың еңбектерінде халық педагогикасының оқушылар мен жастарға білім беріп тәрбиелеудің қазіргі заманғы міндеттерімен өзара байланысындағы мәселелер қаралады. Р.А. Әбдірайымова [2], А. Әлімбеков [4], А.Т. Қалдыбаева [11], Т.В. Панкова [18] сияқты зерттеушілердің еңбектерінде қырғыз этнопедагогикасының ғылым ретінде қаралып ерекшеліктері, тарихы, дамуы және таралуы жан-жақты зерттеледі.

Төмендегі қазақстан ғалымдарының педагогикалық зерттеулерінде халықтың дәстүрін зерттеу мәселелеріне, оның қазіргі тәрбиелеу-

дегі орны мен рөліне жан-жақты зер салынып, біздің жұмысымызға олар қызығушылық тудырды: О. Жәнібеков [8], К.Ж. Қожахметова [16], Н.С. Сәрсенбаев [20], С.А. Ұзақбаева [24], Төлеубекова Р.К. [23] т.т.

Қазақстан профессоры С.А. Ұзақбаеваның пікірі бойынша халық педагогикасы «халықтың шығармашылығы күйінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетін дәстүр мен әдет-ғұрыптардың қалыптасуына қол жеткізетін табиғи тұрғыдан кәдімгі тарихи процесс» ретінде ұғылады [24, 157].

Н.С. Сәрсенбаев [2] С.А. Ұзақбаева [24], Қ.Ж. Қожахметова [16] сияқты қазақстан зерттеушілерінің нақты айтуынша, дәстүр мен әдет-ғұрыптарда ұстаушы ретіндегі нақты бір халықтың ұлттық бейнесі көрсетіледі: әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, халықтың мәдениеті, балалар мен жастардың тәрбиесінде қолданылған әрі қолданылып келе жатқан жалпыға танылған әдістер, құралдар, әдістемелер.

Қырғызстан мен Қазақстанның зерттеушілері халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына қоғамның әлеуметтік құндылықтарының бірі және өскелең буынды, атап айтқанда оқушыларды тәрбиелеу мен қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарайды. Сонымен қатар, студенттерді тәрбиелеуде халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын пайдалану жолдарын зерттеуге байланысты көптеген мәселелер зерттелмеген күйінде қалып отыр. Сондықтар, бұл мәселе студенттер ортасындағы педагогикалық қызметте қолданылатын дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды анықтау мақсатында арнайы зерттеуді қажет етеді, өйткені олардың тәрбиесі мен әлеуметтік қалыптасуы жоо қабырғасында жалғасады.

Ғылыми-практикалық қажеттілікке сүйене отырып, біз жоодағы студенттердің тәрбиесіне әсер етуі мүмкін халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге күш-жігер қолдандық. Бастапқы қадам мен талпыныс қырғыз және қазақ халықтарының тарихи-мәдени мұраларын зерттеуге бағытталды. Осы ретте біз қырғыз бен қазақ халықтары үлкен, ерекше рухани мәдениеттің мұрагерлері деген болжамға сүйендік. Қазіргі кезде халықтың

мәдени-адамгершілік құндылықтарын, гуманистік және мінез-құлық дәстүрлерін зерттеу жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырады. Соның арқасында олардың бойында азаматтық-патриоттық және азаматтық-гуманистік сезімін дамытады [14, 25].

Қазіргі таңда қырғыз бен қазақ мәдениеттерінің адамгершілік негіздері қайта бағаланған кезде, екі елдің рухани құндылықтарын жаңғырту мәселесінің өзектілігі ерекшеленеді. Жастар арасында мінез-құлық үлгілерінің күйзелісі және өзгеруі орын алғандықтан осындай қалыптасқан жағдайда нағыз ұлттық тамырлар мен ата-бабаларымыздың даналығына жүгіну қажет. Пайымдауымызша, ұлттық және мәдени дәстүрлерді, ата-бабаларымыздың рәсімдері мен генетикалық мұраларын және даналығын сақтауға студенттердің мүддесін қалыптастыруда жоолар үлкен рөл атқара алады. Сол себепті қазіргі заманғы студенттер үшін тәрбиелеу ісіне және мемлекеттеріміздің болашағын қалыптастыруға оң ықпалын тигізетін арнайы педагогикалық жағдай жасау қажет. Осындай педагогикалық шарттардың қатарында халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын пайдалану өте маңызды. Сонымен қатар, біздің ойымызша, студенттердің тәрбиесіне әсер ететін негізгі факторлардың қатарына жооның әлеуметтік-мәдени ортасы жатады. Өйткені уақытының басым бөлігін жоода өткізген студент өзіне қажетті білімді, ептілікті және шеберлікті бойына сіңдіріп, жеке қасиеттерге де қол жеткізеді, бойындағы тәжірибесін түзетіп, жаңа құндылық өлшемдерін қалыптастырады. Мұның барлығы олардың өмір сүру бейнесіне әсер етіп, әлеуметтік өзара әрекеттесудің, мінез-құлықтың стилін қалыптастырады, ынталандырады және жалпы өмірлік нұсқауларын бағыттайды. Сондықтан тәрбиеден және жастардың қалыптасқан мінез-құндылық бағытынан олардың жеке әл-ауқаты ғана емес, қоғамның болашақ әл-ауқаты да қалыптасады. Демек, қазіргі заманғы студенттерді тәрбиелеу мақсатында педагогикалық жағдай қолайлығының маңызы артады. Бұл жооның басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Осы мәселені шешу үшін «педа-

гогикалық шарттар» ұғымының мазмұнын ашып анықтамасын беру қажет, өйткені ол студент жастарды тәрбиелеуде шешуші болып табылады. Философиялық энциклопедиялық сөздікке сәйкес, «шарт» деген сөз басқа бір нәрсеге тәуелді болатын (шартталған) нәрсе ретінде түсіндіріледі; нысандар кешенінің маңызды компоненті (заттар, олардың күйлері, өзара іс-қимылдары). Ол компоненттің болуынан берілген құбылыстың қажет болуы туындайды. Берілген құбылыстың нақты шарттарының жиынтығы оның болу (өту) ортасын қалыптастырады. Оған табиғат пен қоғам заңдарының іс-әрекеті тәуелді болады [22, 17].

Педагогикалық шарттар білім беру ортасының әлеуетті мүмкіндіктерінің жиынтығы саналатын педагогикалық жүйенің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Іске асырылған жағдайда сол мүмкіндіктер білім беру процесінің тиімді қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз етеді [24, 20].

Аталған ұғымдарға сүйене отырып, біз қазіргі заманғы студенттерді халықтық педагогика құралдарымен тәрбиелеуге қажетті педагогикалық шарттарды тарқатуға ниеттіміз. Осы ретте шешуші педагогикалық шарттар ретінде біз халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын студенттің қалыптасып келе жатқан жеке басына әсер етудің негізгі жолдары мен құралдары ретінде пайдалану қажеттілігін алға тартамыз. Бұл жас ұрпақтың тәрбиесі мен қалыптасуына әсер ететін халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптары жөнінде көптеген жоо студенттерінің бойында өте нашар немесе жалған түсінік бар екеніне байланысты. Студенттерге қазіргі заманғы тәрбие беруде халық дәстүрін қолданудың авторлық тұжырымдамасына сүйене отырып, біз талқыға салынған құрылыстың эмпирикалық методологиясы мен зерттеу әдістемесін әзірледік. Олар оның педагогикалық шарттарын, оны қамсыздандыруды, шешуші ресурстық ерекшеліктерін анықтауға және жоғарғы мектепте түсіндіруге бағытталған.

Мақаланың мақсатына сәйкес **зерттеу әдістері** анықталды яғни ғылыми-зерттеу құрал-аспаптары әзірленді. Зерттеудің негіз-

гі әдістері ретінде біз мыналарды пайдаландық: ілімдік әдістер – ғылыми-педагогикалық әдебиетті талдау; эмпирикалық әдістер – бақылау, әңгімелесу, сауалнама, педагогикалық эксперимент (жоо студенттерімен 6 фокус-топ); математикалық әдістер – сауалнама мен эксперименттің мәліметтерін өңдеу. Қойылған міндеттерге қол жету үшін 250 студент қатысқан сапалық стратегия қолданылды. Ол Ж.Баласағын (Қырғызстан) атындағы Қырғыз ұлттық университетінің, Л.Н. Гумилев (Қазақстан) атындағы Еуразия ұлттық университетінің және «Астана» университеті (Қазақстан) студенттерінің арасында жүргізілді.

Зерттеу барысында келесі міндеттер шешуге тартылды:

- халық дәстүрінің студенттер тәрбиесіне әсерін зерттеу;
- пәндердің әлеуметтік-гуманитарлық блогындағы сабақтарда халықтың дәстүрін пайдалану мүмкіндіктерін талдау;
- психологиялық-педагогикалық пәндердің мазмұнын халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білумен байыту;
- студенттермен жүргізілетін дәрісханадан тыс, тәрбиелік іс-шараларда халықтың дәстүрлерін пайдалану.

Зерттеу қорытындылары

Анықтаушы экспериментті бастаған кезде, біз дәстүр мен әдет-ғұрыптар жалпы белгілі бір халықтың прогрессивтік тәжірибесін бейнелейтін және сол арқылы қоғамдағы адамдардың ара-қатынасына қамтылатын ең тұрақты әлеуметтік тәжірибені білдіреді деген жорамалға сүйендік. 250 студенттің қатарында 51% -ы ғана халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптары туралы біледі және олардың жеке адамды тәрбиелеу мен қалыптастыруға оң әсерін сезінеді.

Тәжірибе-эксперименттік жұмыс барысында біз қоғамдық-гуманитарлық пәндердің мазмұнына сүйендік және психологиялық-педагогикалық пәндердің мазмұнын халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптары жөнінде студенттердің түсінігін түзетуге, әлеуметтік және мәдени құндылықтарға құрметпен қарауды қа-

1-кесте. Ж. Баласағын атындағы ҚҰУ

№	Сұрақ	Таңдау саны (аяқтаушы кезең)			Таңдау саны (қалыптастырушы кезең)		
		иә	жоқ	білмеймін	иә	жоқ	білмеймін
1.	Өз халқыңыздың дәстүрлерін жеткілікті деңгейде білесіз бе?	24%	51%	25%	91%	2%	7%
2.	«Сіз «Қалыңдықты алып қашуды» дәстүр деп ойлайсыз ба?	57%	33%	10%	95%	3%	2%
3.	Сіздің отбасыңызда «қалыңдықтың құнын төлеу» дәстүрі сақталды ма?	67%	13%	20%	69%	13%	18%
4.	Қазіргі уақытта отбасыңызда сіз дәстүрлерді сақтайсыз ба?	60%	20%	20%	80%	10%	10%
5.	Өз халқыңыздың дәстүрлерімен мадақтанасыз ба?	52%	18%	30%	95%	2%	3%
6.	Халық жаңа дәстүрлерді дамыта ала ма?	77%	8%	15%	85%	5%	10%
7.	Сізге жақын өмір сүретін халықтардың әдет-ғұрыптарын құрметтейсіз бе?	67%	23%	10%	98%	0%	2%
8.	Бүгінде дәстүрлерге қайта оралу жастарға жағымды әсер етуі мүмкін деген пікірмен келісесіз бе?	44%	40%	16%	92%	3%	5%

лыптастыруға бағытталған халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптар туралы біліммен байыттық.

Нақты аяқтап зерттеудің мақсаты - халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының студенттер тәрбиесіне ықпалын анықтау. Зерттеудің мақсатына сәйкес зерттеу әдістемесі жасалды, атап айтқанда ол халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының студенттер тәрбиесіне ықпалын анықтауға бағытталған сауалнама.

Жоолар бойынша сауалнаманың әрбір сұрағының қорытындылары төменде келтірілген.

«Дәстүр» деген сөзді қалай түсінесіз? - деген сұрақ бойынша екі жоо студенттерінің 51% -ы ғана дәстүрдің не екенін біледі. Студенттер қырғыз бен қазақ халықтарының төмендегідей нақты дәстүрлерін көрсетті: қыз узатуу (қыз ұзату), бешик той (бесік той), уйлоуу той (үйлену тойы), суннот той немесе уул той (ер баланы сүндетке отырғызу), сойко салуу

(қалыңдыққа сырға салу немесе құда түсу), алдынан оту (келісім алу), тушоо кесуу (тұсау кесу), балаға ысым беруу (нәрестеге ат қою), калын беруу (қалың мал), бешике болоо (нәрестені бесікке жатқызу), жентек той (шіл-дехана), келин келуу (қалыңдықтың үйге келуі), чачты оруу (шаш өру), суйунчу (сүйінші), корундук (көрімдік), бала коруу (бала көру), куда тушуу (құда түсу), кийит (кит), аш беруу (ас беру), кыркын чыгаруу (қырқынан шығару), бата беруу (бата беру), келин алып качуу (алып қашу), уул той (ұлдың үйлену тойы), бешик той (бесік той). Осы аталған дәстүрлердің барлығы жастардың үйлену тойына және нәрестенің дүниеге келуіне байланысты.

Өкінішке қарай, ҚҰУ студенттерінің 57% -ы және ЕҰУ-дің 55% -ы қыз алып қашуды халықтың дәстүрі деп санайды. Бүгінгі таңда Қырғызстан мен Қазақстандағы ауыртпалығы бар әлеуметтік мәселелердің бірі - қыз алып

2-кесте. Гумилев атындағы ЕҰУ

№	Сұрақ	Таңдау саны (аяқтаушы кезең)			Таңдау саны (қалыптастырушы кезең)		
		иә	жоқ	білмеймін	иә	жоқ	білмеймін
1.	Өз халқыңыздың дәстүрлерін жеткілікті деңгейде білесіз бе?	22%	50%	28%	90%	3%	7%
2.	«Сіз «Қалыңдықты алып қашу-ды» дәстүр деп ойлайсыз ба?	55%	31%	14%	97%	1%	2%
3.	Сіздің отбасыңызда «қалыңдықтың құнын төлеу» дәстүрі сақталды ма?	50%	24%	26%	53%	22%	25%
4.	Қазіргі уақытта отбасыңызда сіз дәстүрлерді сақтайсыз ба?	60%	25%	15%	70%	15%	15%
5.	Өз халқыңыздың дәстүрлерімен мадақтанасыз ба?	50%	20%	30%	96%	3%	1%
6.	Халық жаңа дәстүрлерді дамыта ала ма?	80%	8%	12%	85%	7%	8%
7.	Сізге жақын өмір сүретін халықтардың әдет-ғұрыптарын құрметтейсіз бе?	71%	21%	8%	97%	1%	2%
8.	Бүгінде дәстүрлерге қайта оралу жастарға жағымды әсер етуі мүмкін деген пікірмен келісесіз бе?	45%	41%	14%	95%	3%	2%

қашу. Қызды алып қашу немесе алып қашу арқылы неке қию - қыз мәжбүрлеп алып қашу және қыздың келісімінсіз үйлену Кавказда, Қырғызстанда, Қазақстанда, Эфиопияда және осындай дәстүр сақталған басқа да елдерде кеңінен тараған. Бүгінгі таңда әлемнің басым көпшілік елдерінде бұны некенің заңды түрі емес, қылмыс деп санайды. Өкінішке қарай, қате түсініктің осал жері – тұрмыс құру үшін қыздарды зорлап алып қашу ұлттық дәстүр болған және ешқандай жазаға тартылмаған деген әбестікте. Алайда ғалымдар жүргізген зерттеулерге (тарихи жазбалардың негізінде) қарағанда қалыңдықты алып қашу, оның келісімімен болсын (жалған зорлап алып қашу) немесе зорлап (нақты ұрлық) болсын, «адат» деп аталатын әдет құқығын бұзу ретінде саналып, қоғамда қылмыс болып бағалынып ауыр жазаға тартылатын [3, 14]. Дәстүрлі қырғыз, қазақ қоғамында құда түсу институты маңызды институттардың бірі болғандықтан,

жасанды немесе шынайы түрде қыз алып қашу ата-аналарының ерік-жігеріне және құда түсу рәсіміне жастардың немқұрайлы қарағаны деп саналған, сондықтан ондай оқиғалар өте сирек кездескен. Айта кететін жайт, алып қашудың осындай түрлері көбінесе жастардың алдын ала уағдаластығы бойынша (ата-аналарын білдіртпестен) және өте сирек орын алатын – феодалдық ауылдардың жағдайы мүшкілдеу отбасыларынан қызды алып қашатын ерлердің өзімшіл себептермен. Сондықтан, біздің ойымызша, студенттерге тәрбиелік әлеуеті зор және олардың адам ретінде қалыптасуына әсер ететін халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы шынайы тарихи мәліметтер беру қажет. Отбасында «қалыңдықтың қалыңдығын төлеу» дәстүрі сақталғаны туралы сұраққа келгенде студенттердің көпшілігі осы дәстүрге бірнеше өзгеріс енгізісі келетіні анықталады. Бұл жауаптарға қарағанда, қырғыз бен қазақ отбасыларында

дәстүрді сақтау ерекшелігі байқалады. «Қазіргі таңда сіз отбасында дәстүрлерді сақтайсыз ба?» деген келесі сұраққа студенттердің жауабы қазіргі заманғы қырғыз, қазақ қоғамы қазіргі заманғы жастардың тәрбиесіне әсер ететін халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын сақтайды деген жорамалымызды растайды. Одан әрі «Өз халқыңыздың дәстүрлерімен сіз мадақтанасыз ба?» деген келесі сұраққа студенттердің жартысы мадақтанатынын білдірді. Қазіргі заманғы студенттер «Халқыңыздың ескі, орныққан дәстүрлерінің сіздің өмірге деген қазіргі заманғы көзқарасыңызға қайшы келе ала ма?» деген сұраққа түсіністікпен қарап, орташа алғанда олардың 70% қазіргі заманғы көзқарасқа дәстүрлердің қайшы келе алатынын түсінеді. «Халықтың жаңа дәстүрлерінің дүниеге келуі мүмкін бе?» деген келесі сұраққа ҚҰУ студенттерінің 77%, ЕҰУ - 80% - өзгерген жағдайға қарай жаңа дәстүрлердің пайда болуы мүмкін деп санайды.

Студенттердің толеранттылығын олардың «Сізге жақын өмір сүретін халықтардың әдет-ғұрыптарын құрметтейсіз бе?» деген сұраққа жауаптары білдіреді – ҚҰУ – 67%, ЕҰУ – 71%. Қорытындылай келе, екі жоо студенттерінің жартысынан сәл кемі (ҚҰУ – 44%, ЕҰУ – 45%) «бүгінде дәстүрлерге қайта оралу жастарға жағымды әсер етуі мүмкін» дегенге келісетінін білдіреді.

Жалпы, студенттермен жүргізілген сауалнама студенттер мен олардың отбасыларының жартысынан сәл көбі дәстүр мен әдет-ғұрыптарды ұстанатындығын, оң көзқарас білдіретінін және көп дәстүрді сақтағысы келетіндігін, бірақ кейбір әдет-ғұрыптарға өзгеріс енгізгісі келетінін білдіреді.

«Қандай пәндердің мазмұны арқылы сіз дәстүрлер туралы білім аласыз?» деген сұраққа студенттер келесі пәндерді атап өтті: а) Қырғызстан тарихы, Қазақстан тарихы - 18,6%, б) қырғыз тілі, қазақ тілі - 30%, в) Манастану (бұл пән Қырғызстан жооларының студенттеріне міндетті түрде оқытылады) - 34,6%, г) мәдениеттану - 11,3%, д) басқа пәндер - 5,3%.

Осылайша, студенттердің тәрбиесіне халық дәстүрлерінің әсерін зерттей келе, дәстүр мен әдет-ғұрып олардың адам ретінде қалып-

тасуына оң әсер етеді деген қорытындыға біз келдік. Сондықтан, халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жастарға оң әсерін тигізетіндігін және оларға тамырлары мен мәдениеті туралы тарихи ақпарат беретінін атап өткен жөн. Ол ақпарат қазіргі заманғы жағдайда оларға қажет және бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға, өз халқының мәдениетін құрметтеуге көмектеседі. Бірақ, өкінішке қарай, халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының әсер ету мәселесінің қазір белгілі бір қайшылығы бар, одан әрі зерттеуді қажет етеді, өйткені студенттер арасында кейбір халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы жалған түсініктер бар немесе олардың мәселеге немқұрайлығы туындайды.

Біз жооларда оқытылатын әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге шолу жасап талдадық. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің цикліне (кезекті тізбек) мыналар кіреді: пәлсапа, Қырғызстан тарихы (Қазақстан), мәдениеттану, саясаттану, қырғыз (қазақ) тілі, Манастану, Рухани Жаңғыру, психология, педагогика және т.б. Пәндердің осы кезекті тізбегі оқу процесінде білім беру және тәрбиелеу сипатындағы маңызды функцияларды атқарады, сондықтан бұл пәндер студенттерге арналған жұмыс пен оқу жоспарларына енгізілген. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер блогын талдау барысында онда тарих, халықтың мәдениеті және халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының мәселелері қаралған пәндердің қамтылғаны бар екендігі анықталды. Әр мәдениеттің өзінің спецификалық ерекшеліктері болатынын, олар халықтың дәстүрлерінен, әдет-ғұрыптарынан, тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерінен, еңбектен, отбасылық қатынастар туралы түсініктен, басқа адамдармен қатынастан байқалатынын студенттер біле бастайды. Осы ретте олар адамгершілік, ақыл-ой, еңбек тәрбиесінен үлкен тәжірибе алады. Ұлттық ерекшеліктер, мәдениеттің ерекшелігі, құндылықтар туралы білім рухани жақындық пен өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге жағдай жасайды. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің жұмыс бағдарламаларын талдаған кезде сол мүмкіндіктерді анықтауға көмек туындайды. Пәндердің осы

блогының бағдарламаларын таңдау студенттердің тәрбиесіне олардың үлкен әсер ететіндігіне негізделеді. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің блогын талдай келе, біз дәл осы пәндердің мазмұнында халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына арналған тақырыптарды ашатындығын анықтадық. Әр пән халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын өз контекстінде қарайды және олар өзара байланысты. Пәндердің осы блогы халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын жай ғана зерттеумен шектелмей, дәстүр мен әдет-ғұрыптар арқылы жас ұрпақтың білімін кеңейтеді және олардың тамырларын зерттеуге терең қызығушылық танытады. Ата-бабаларының тамырын зерттей келе, студенттер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың мәдениетімен, дәстүрімен және әдет-ғұрыпмен, сонымен қатар жас студенттер арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыратын халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптармен танысады. Осы пәндердің мазмұны арқылы студенттер өмірге жаңа оймен қарап тереңірек әрі сапалы қабылдайды. Осыдан мынадай қорытынды туындайды: шынтуайтына келгенде, пәндердің әлеуметтік-гуманитарлық блогы жеке адамды тәрбиелеу мен қалыптастыруды әзірлеп шешуші рөл атқарады. Мұның бәрі студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дайындығы, әрине тек дайындықтың белгілі бір сапасы болған кезде, кәсіпқойлыққа, жалпы жеке басының сәттілігіне жетудің қажетті алғышарты екенін білдіреді.

Педагогикалық бағыттағы жооларда студенттер сабақ жүргізу үшін қажетті терең психологиялық-педагогикалық дайындықтан өтетіндігін атап өткен жөн. Сондықтан біз оқу үрдісінде дәстүр мен әдет-ғұрыптарды пайдалануға студенттерді даярлау үшін жоолардың оқу-тәрбиелеу үдерісіндегі психологиялық-педагогикалық пәндердің мүмкіндіктеріне зер салдық.

Болашақ педагогтың кәсіби өзін-өзі жетілдіруі психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік білімсіз мүмкін емес және бұл мамандарды дайындаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты біз осы бағыттағы студенттерге оқытылатын «Тәрбие

жұмысының әдістемесі», «Педагогикалық шеберліктің негіздері», «Әлеуметтік психология» сияқты пәндерді талдағымыз келеді. Студенттерді тәрбиелеуде осы пәндердің мүмкіндіктерін ашық көрсету, сонымен қатар осы пәндерді дәстүрлер туралы тақырыптармен қанықтыру өте маңызды. Сонымен, психологиялық-педагогикалық пәндердің мүмкіндіктерін қараған кезде біз осы пәндердің мүмкіндіктеріне толығырақ тоқталып, қарастырғымыз келеді.

Тәрбие жұмысының әдістемесі. «Тәрбие жұмысының әдістемесі» курсы өзінің мазмұнында тәрбие және адамды қалыптастыру мәселелеріне қарайды.

Осы пәнді зерттеу кезінде студенттерге жеке адам мен ұжым арасындағы қатынас туралы терең білім беріледі, тәрбиелік жағдайларды талдау, педагогикалық жанжалдарды шешу, білім беру мекемесінде жүйесінде тәрбиелеу қызметін ұйымдастыру тұрғысынан қажетті қабілеттер мен дағдылар қалыптасады.

«Тәрбиелеу жұмысының әдістемесі» курсының бағдарламасын зерттеу көрсеткендей, студенттердің оқу барысындағы тәрбиелеу процесінің тиімді әдістерінің бірі ретінде халық дәстүрлерінің мәнін ашуға оның барлық мүмкіндіктері бар. Бұл курс студенттерге халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының педагог пен тәрбиеленушінің педагогикалық өзара әрекеттесуінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді және олардың ынтымақтастық тиімділігін арттырады.

Осы курсты оқыту барысында біз оны халық дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын ашатын тақырыптармен және сұрақтармен байыттық: тәрбиелеуші қызметінің нақты нәтижесі ретіндегі оқыту технологиясы. Халық педагогикасының көмегімен тәрбиеленушілердің мінез-құлқына педагогикалық әсер ету. Халық педагогикасындағы тәрбиелеудің құралдары мен әдістері (ауыз халық шығармашылығы, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар). Тәрбиелеу жүйесі педагогика ғылымының пәні және педагогикалық практиканың нысаны ретінде. Жастардың мәдени-адамгершілік бағытын қалыптастыру мақсатында педагог пен тәрби-

еленушінің педагогикалық өзара іс-қимылы. Тәрбиелік әсер ету және педагогикалық өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру мақсатында дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды пайдалану. Отбасылық қатынастардың дамуындағы тарихи аспектілер. Отбасылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың адам тәрбиелеу процесі мен нәтижесіне ықпалы. Өскелең ұрпақтың мәдениеті мен рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы отбасылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың рөлі мен маңызы.

